

Ғылыми атақтарға ізденушілер үшін университет Ғылыми кеңесіне тапсырылуы тиіс құжаттар тізімі

1. Ізденушінің жүргізетін пәндері (кредит саны көрсетілген болуы тиіс), оқу үдерісінде қолданыс тапқан негізгі жарияланымдары, ғылыми қызығушылығының аясы туралы мәлімет берілген **халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы (бұдан әрі – ХРҒЖ) мақалалардың сұратылатын ғылыми бағытқа сәйкестігі негіздемесімен** кафедра мәжілісі хаттамасының көшірмесі.
2. Факультет Ғылыми кеңесі хаттамасының көшірмесі.
3. Ғылыми атаққа ұсыну жөніндегі «Х. Досмұхамедов ат. Атырау университетінің» КЕАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор, Ғылыми кеңес төрағасы С.Н. Идрисовтың атына жазылған кафедра меңгерушісінің, факультет деканының, Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың қолдары қойылған өтініш (ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі, профессор/доцент қызметіндегі еңбек өтілі, оның жетекшілігімен диссертация қорғаған шәкірттері немесе жарық көрген монографиясы / оқу құралы және еңбектер саны көрсетілуі тиіс).
4. Персоналды басқару және дамыту бөлімінен жұмыс орны расталған еңбек кітапшасының көшірмесі PDF форматында.
5. Ғылыми дәрежесі мен атағы (болған жағдайда) туралы дипломдар PDF форматындағы көшірмелері.
6. Ғылыми атаққа ізденуші туралы **қағаз және DOC/DOCX және PDF** форматтарындағы анықтама ([Қосымша 1](#)).
7. Диссертацияны қорғағаннан кейін жарияланған ғылыми еңбектердің тізімі – қауымдастырылған профессор ғылыми атағына үміткерлер үшін, доцент ғылыми атағын алғаннан кейін – профессор ғылыми атағына үміткерлер үшін, хронология бойынша қағаз нұсқасында және **DOC/DOCX және PDF форматында** ([Қосымша 2](#)). Ғылыми еңбектер тізімін университеттің ғалым хатшысы куәландыруы тиіс. Scopus / Web of Science ХРҒЖ-дағы ғылыми еңбектер тізімінде және уәкілетті орган ұсынған басылымдарда мақалаға немесе журналға **DOI, сілтеме** көрсетіледі.
8. Монография, не оқу құралы / оқу-әдістемелік құрал / оқулық, не диссертацияны оның басшылығымен қорғаған және дәрежесі бар адамдар дипломдарының көшірмелері. Монографияның түпнұсқасы **қағаз нұсқасында және PDF** форматында.
9. Ғылыми еңбектердің бедері (жинақтың бастапқы беті, мазмұны, еңбек тізіміне сәйкес мақала) PDF форматында.
10. Жеке куәліктің немесе төлқұжаттың көшірмесі **қағаз түрінде және PDF** форматында. Ізденушінің тегі, аты-жөні – үш тілде (**қағаз және электронды нұсқада**).
11. Құжат тігілетін мұқаба, құжат сақтайтын (байлауышы бар) картон папка, Қазпошта пакеті (өлшемі – 6), USB-флэш-диск. **Электрондық құжаттар флэшкаға жазылады.**

Құжаттарды Ғылыми кеңеске тапсырмас бұрын ғылым департаментінен еңбектер тізімі және көшірмелерін тексертіп, анықтама алу қажет.

ӨТІНІШ: өзгерістер енгізілуі мүмкін, сондықтан құжаттарды жинамас бұрын, осы құжаттар тізімін сайттағы тізіммен салыстырып қарап шығыңыздар

<https://asu.edu.kz/university/tips/academic-council/>

Ғылыми
кеңеске

2025 ж., «__» _____

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті» Коммерциялық емес
акционерлік қоғамының Басқарма
Төрағасы – Ректоры
С.Н. Идрисовқа
кімнен: аты-жөні, әкесінің аты
кафедра (немесе мекеме), қызметі

ӨТІНІШ

Сізден маған _____ ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған
профессор (доцент) / профессор ғылыми атағын беру туралы мәселені Ғылыми
кеңес мәжілісінде қарастыруды сұраймын.

Ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілім __ жыл, оның ішінде __ жыл доцент
/ профессор міндетін атқарушы қызметінде.

_____(кандидаттық/докторлық/PhD) диссертация қорғағаннан кейін *немесе*
доцент ғылыми атағын алғаннан кейін ғылыми жарияланған мақалалар саны __
астам, оның ішінде уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда __ және
процентилі/квартилі __ төмен емес Scopus / Web of Science деректер қорындағы
журналдарда __ (__) мақала жарияланған.

Оқу құралы / оқу-әдістемелік құрал / оқулық / монография «...» (шығу
туралы мәлімет, көлемі).

Менің ғылыми жетекшілігімен __ тұлға қорғап, дәреже алған.

Күні, айы, жылы

Қолы _____

Келісілді:

Басқарма мүшесі – Ғылым және инновациялар
жөніндегі проректор

Қ.М. Утепқалиева

_____ (қолы, күні)

Ғалым хатшы

Ж.А. Нуртилеуова

_____ (қолы, күні)

_____ факультет деканы (ТАЖ)

_____ (қолы, күні)

_____ кафедра меңгерушісі (ТАЖ)

_____ (қолы, күні)